

Аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан студенттерге әлеуметтік көмек беру Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 11 сәуірдегі N 287 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласы Әділет басқармасында 2005 жылғы 10 мамырда N 13-1-16 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 432 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010.04.16 N 432 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес, Петропавл қалалық мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы он бірінші сессиясының "2005 жылға арналған Петропавл қаласының бюджеті туралы" N2 шешімінің (2005 ж. 19.01-ғы N 1447 мемлекеттік тіркеу; 2005 ж. 28.01-ғы "Добрый вечер" газеті) негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Петропавл қаласы әкімдігінің 2007.06.14 № 755 Қаулысымен

1. Қоса берілген аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан студенттерге әлеуметтік көмек беру жөніндегі Ережелер бекітілсін.

2. алынып тасталды - Петропавл қаласы әкімдігінің 2007.06.14 № 755 Қаулысымен

3. Петропавл қаласының қаржы бөлімі (Дорофеева Г.И.) қала бюджетімен көзделіп бөлінген қаржы шегінде әлеуметтік көмекті қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Петропавл қаласы әкімдігінің 2007.06.14 № 755 Қаулысымен

4. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Н.Н.Кушталова) алушылардың жеке шоттарына қаражат аудару арқылы әлеуметтік көмектің берілуін қамтамасыз етсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Петропавл қаласы әкімдігінің 2007.06.14 № 755 Қаулысымен

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Н.Құлжановаға жүктелсін.

Қала әкімі
Қ а л а
2005 ж . 11 сәуірдегі N 287
қаулысымен бекітілген

**Аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан
студенттерге әлеуметтік көмек беру
ЕРЕЖЕСІ 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан студенттерге ақшалай түрде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Әлеуметтік көмек алуға, Петропавл қаласы аумағында тұрақты тұратын және мемлекеттік жалпы білім алуға гранттар мен кредиттерге иегер болмаған Қазақстан Республикасының азаматтары құқылы.

3. Осы Ережелерде мына мынадай ұғымдар пайдаланылады:
әлеуметтік көмек-студенттердің кәсіби оқуларын төлеу үшін бағытталған, ақшалай төлем түріндегі, халықты әлеуметтік қорғаудың бір түрі;

әлеуметтік көмек көрсетуге құқығын анықтау - комиссия (бұдан әрі қалалық комиссия), міндетті түрде оның құрамына білім беру бөлімінің, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері, көші-қон және демография басқарамасы өкілдерінің енгізілуімен, қала әкімінің орынбасарының төрағалық етуімен қала әкімі жанында құрылатын комиссия.

алушы- мемлекеттік жалпы білім алуға гранттар мен кредиттерге иегер болмаған (күндізгі оқу түрі бойынша) және жан басына шаққандағы табыстары ағымдағы жылға бекітілген айлық есептік көрсеткіштің он еселігінен болып т а б ы л а т ы н с т у д е н т ;

әлеуметтік көмекті тағайындау бойынша, әлеуметтік көмек көрсетуге студенттер контингентін анықтау жөніндегі және төлеу бойынша жұмыстарды жүзеге асырушы уәкілетті орган - Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (бұдан әрі бөлім);

төлеу жөніндегі уәкілетті орган-банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі берген лицензиясы бар және аталған түрдегі банк қызметтерін көрсетуге конкурсты ұтып алған екінші деңгейдегі банк (бұдан әрі банк).

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Әкімиятының 2006.04.19 N 583 қаулысымен.

2. Әлеуметтік көмекті тағайындау шарттары мен тәртібі

4. Әлеуметтік көмекті тағайындау үшін, бөлімге мынадай құжаттар берілу керек :

- 1) 1-ші қосымшаға сәйкес белгіленген түрдегі өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын, нотариалды бекітілген құжаттың көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- 4) отбасының табысы туралы анықтама;
- 5) нотариалды расталған білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) кешенді тестілену нәтижелері туралы нотариалды расталған белгіленген үлгідегі сертификаттың көшірмесі;
- 7) Солтүстік Қазақстан облысының жоғары оқу орнымен оқыту туралы жасалған келісім-шарт;

Алушылар бұдан кейін де әлеуметтік көмек тағайындау үшін жүгінгенде, жоғарыдағы көрсетілген құжаттардан басқа, олар жоғары оқу орнының студенттері болып табылатыны туралы растау-анықтама, сондай-ақ сынақ кітапшаларын әкелу керек.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімдігінің 2007.03.05 N 276, 2007.06.14 № 755 Қ а у л ы л а р ы м е н .

5. Әлеуметтік көмек алу үшін қажетті құжаттар түпнұсқалары және көшірмелері түрінде іс қағаздарын жинайтын бөлімге тапсырылады, ол өтініш берушілерден құжаттар жиынтығы толығымен түскен күннен бастап бес күн мерзім ішінде 2-қосымшаға сәйкес, әлеуметтік көмек тағайындау немесе онан бас тарту туралы шешімнің жобасын әлеуметтік көмек көрсетуге құқығын анықтайтын қалалық комиссияға жібереді.

6. Әлеуметтік көмекті тағайындау, осы мақсатқа қала бюджетінде алдын ала қарастырылып бөлінген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

7. Оң шешім шығарылған жағдайда, бөлім тарапынан хабардар болған алушылар банкте жеке шоттар ашады.

Тағайындаудан бас тартқан жағдайда, бас тарту себептері көрсетіліп бөлім өтініш берушіге құжаттарын қайтарады.

Әлеуметтік көмек тағайындаудан бас тартуға мыналар негіз болып табылады: жоғары оқу орнына түскені туралы біле тұра жалған мәліметтер және 4-тармақта көрсетілген құжаттарда күмәнді мәліметтер беруі.

8. Бөлім екі данадан алушылардың тізім-ведомосін құрастырады, біреуін банкте жібереді.

9. Банк, ақылы қызмет көрсетуге жасасқан келісім-шарт пен

тізім-ведомостары негізінде алушылардың ашқан жеке шоттарына сомаларды аударады.

3. Әлеуметтік көмек көрсетуге құқығын анықтау жөніндегі комиссия

10. Әлеуметтік көмек көрсетуге құқығын анықтау жөніндегі комиссия (бұдан әрі Комиссия) аз қамтылған отбасыларынан шыққан студенттердің кәсіби оқуларына төлем жасауларына әлеуметтік көмек көрсету мақсатымен құрылады.

11. Өз қызметінде Комиссия Қазақстан Республикасының конституциясын, басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

12. Комиссияның міндеттері болып табылады:
әлеуметтік көмекті алуға үміткер тұлғалардың берген құжаттарын он күндік
м е р з і м д е қ а р а у ;
әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы
ш е ш і м қ а б ы л д а у .

13. Комиссияның мемлекеттік органдар мен ұйымдардан өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қажетті мәліметтер мен материалдарды сұрауға және
а л у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

14. Комиссия хатшыдан және үш мүшеден тұрады. Комиссияны төрағасы басқарады, ол оның қызметіне басшылық етеді, Комиссия отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылау жүргізеді және Комиссия жүзеге асыратын қызметке жауапкершілік атқарады. Төраға болмаған жағдайда оның қызметін орынбасары
а т қ а р а д ы .

15. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

16. Келіп түскен құжаттарды қарау қорытындысы бойынша, Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысына қарай Комиссия шешім қабылдай.

4. Әлеуметтік көмектің қаржыландырылуы

17. Студенттерге әлеуметтік көмек көрсету бойынша шығыстарды қаржыландыру "Жергілікті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек" 007-000 бағдарламасы бойынша, қала бюджетінде осы мақсатқа алдын ала көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

18. алынып тасталды - Петропавл қаласы әкімдігінің 2007.06.14 № 755
Қаулысымен

Аз қамтамасыз етілген отбасыларынан
шыққан студенттерге әлеуметтік көмек
көрсету Ережелеріне 1-қосымша
Петропавл қаласының жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімінің бастығы
Н. Н. Кушталоваға

мекен-жайының

тұрғыны:

СТН

Паспорты (жеке басының куәлігі)

----- берілген

(кім

берген)

(қашан)

ӨТІНІШ

----- оқу мекемесінде жоғары кәсіби
білім алу үшін, маған----- теңге
сомасында әлеуметтік көмек тағайындауыңызды және -----
----- банк филиалында ашқан -----

жеке шотқа аударуыңызды сұраймын.

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

- 1) нотариалды расталған жеке басты куәландырушы құжатың көшірмесі;
- 2) отбасының құрамы туралы анықтама;
- 3) отбасының табыстары туралы анықтама;
- 4) нотариалды куәландырылған білім туралы құжатың көшірмесі;
- 5) нотариалды куәландырылған кешенді тестілеу нәтижелері туралы белгіленген үлгідегі мемлекеттік сертификаттың көшірмесі;
- 6) Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік жоғары оқу орнымен оқыту туралы шарты;
- 7) осы жоғары оқу орнында оқитынымды растайтын анықтама;
- 8) сынақ кітапшасының көшірмесі.

200__жыл "___" _____

Қолы:

Аз қамтамасыз етілген отбасыларынан
шыққан студенттерге әлеуметтік көмек
көрсету Ережелеріне 2-қосымша
Петропавл қаласы 200__жыл "___" _____

(елді мекен, көшесі, үйдің және пәтердің N, телефоны)
_____ мекен-жайында тұратын
а з а м а т (а з а м а т ш а)

(аты, әкесінің аты, фамилиясы)
жоғары кәсіби білім алу үшін, әлеуметтік көмекті тағайындау, тағайындаудан бас
тарту туралы (керегінің асты сызылсын) ШЕШІМ

Берілген отбасының табыстары туралы мәліметтерді, кешенді тестілеу
нәтижелері туралы мемлекеттік сертификатты қарап, қалалық комиссия былай
Ш Е Ш Т І :

Азамат (Азаматша) _____
жоғары оқу орнында оқуға төлеу үшін

_____ теңге сомасында
(ж а з б а ш а т ү р і н д е)
әлеуметтік көмек тағайындалсын.

_____ бас тартылсын
(бас тарту себептерін көрсету)

Қ о л д а р ы :

К о м и с с и я

т ө р а ғ а с ы

Комиссия мүшелері: